



АЗАМАТТАРДЫҢ ҮНІ  
БИЛІККЕ ЖЕТЕ МЕ?

4-БЕТ | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



АҚМОЛАНЫҢ  
КЕШЕГІСІН ҚАЙДАН  
ІЗДЕЙМІЗ?

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

№18  
(4451)

Сейсенбі  
14 ақпан  
2023 жыл



ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

AQSHAMY

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Астана – жастар қаласы. Бұл сөздің жаны бар, өйткені бүгінгі таңда 16 жастан 35 жасқа дейінгі елордалықтар саны жағынан бәрінен көп болып отыр. Тағдырын бас қаламен тоғыстырған жастар үшін елорда әкімдігі бірқатар жобаларды іске қосқан. Соның бірі – жастардың қолжетімді баспана алуына көмектесетін «Елорда жастары» тұрғын үй бағдарламасы. Астана қаласы әкімдігі мен «Отбасы банк» осы бағдарламаның қаржылық қорын молайту үшін 1 миллиард теңгеден қаражат бөледі.

### АВТОБУС ЖОЛАҒЫМЕН ЖҮРУГЕ БОЛА МА?

Астанада автомобильдердің қоғамдық көлікке арналған жолақшада қарбалас уақыттан тыс және демалыс күндері жүру мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

Бұл жөнінде қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасынан хабарланды.

Қазір осы мәселеге қатысты онлайн-дауыс беру жүргізілуде. Дауыс беру 10-27 ақпан аралығында өтеді.

Қанатқақты жоба Абылай хан даңғылында Пушкин-Манас көшесі аралығына дейін енгізілген. Бұл көшелерде қарбалас уақыттан тыс уақытта қарапайым көліктердің жүруіне болады. Ал таңертеңгі сағат 07.30-дан 9.30-ға дейін және кешкі сағат 17.00-ден 20.00-ге дейін автобус жолағымен жүруге тыйым салынады.



### ШЕТЕЛДЕН АУДАРЫЛҒАН ҚАРЖЫ КӨБЕЙГЕН

ҚР Ұлттық банктің мәліметі бойынша, өткен жылы елімізге түскен ақша аударымдары 678,4 млрд теңге болды. Бұл 2021 жылғы аударымдар сомасынан 2,4 есеге асып түсті.

Қазақстанға шетелдерден АИҚ (Арнайы иемдену құқығы) арқылы түскен жалпы трансферттердің 50 пайыздан астамы немесе 357 млрд теңгесі Ресейден келген. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда шамамен жеті есе артық. Қазақстанға аударылған трансферттер бойынша екінші орында 13,9 пайыз немесе 94,5 млрд теңге үлеспен Қырғызстан, 7,9 пайызбен немесе 53,7 млрд теңге үлеспен Өзбекстан үшінші орында.

Транзакциялардың негізгі үлесі Golden Crown аударым жүйесі арқылы жүзеге асқан.



### ЖҮРЕГІ 53 РЕТ ТОҚТАҒАН

Астана қаласындағы №2 қалалық көпсалалы аурухананың дәрігерлері бір тәулікте 53 рет жүрегі тоқтап қалған науқасты аман алып қалды.

Дәрігерлер ауруханаға 6 қаңтарда өте ауыр халде жедел жәрдеммен түскен науқастың өмірі үшін 35 күн бойы күресті.

Мамандардың айтуынша, науқастың қан айналымы үнемі тоқтай берген. Күні-түні оның жүрегі қайта-қайта «іске қосылып», кейде соғуын тоқтатқан. Осылайша бір күнде жүрек 53 рет тоқтаған. Содан жасанды жүрек пен өкпенің қызметін атқаратын экстракорпоральды мембрана оксигенациясын қосуға тура келді.

Астаналық ауруханадағы бұл оқиғаны медицина реаниматологтары «медицинаның ғажайыбы» деп атап отыр.

Қазір науқастың жағдайы тұрақталып, интервенциялық кардиология бөлімінде ем алып жатыр.

«ASTANA  
AQSHAMY»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 482.57 \$ USD/KZT 450.79 ₸ RUB/KZT 6.19 ¥ CNY/KZT 66.25

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№18 (4451) 14/02/2023 Сейсенбі



## ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ СӘЙКЕСТІГІН НАҚТЫЛАДЫ

Кеше елордада депутаттыққа үміткерлер мен аумақтық сайлау комиссиясы өкілдерінің отырысы өтті.

Жиналыста «Республика» партиясы, «Байтақ» жасылдар партиясы, Апапат партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы қоғамдық бірлестіктері Астана қалалық филиалынан елордалық мәслихат депутаттығына ұсынылатындардың партиялық тізімін бекітті. Сондай-ақ «Ақжол» демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалынан елордалық мәслихат депутаттығына ұсынылған үміткерлерді тіркеді.

«Республика партиясы» қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалынан 16 кандидаттың, «Байтақ» жасылдар партиясы қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалынан 10 кандидаттың, Апапат партиясы қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалынан 33 кандидаттың, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалынан 7 кандидаттың тізімі бекітілді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Астана қаласы полиция департаменті көші-қон қызметі басқармасы аумақтық органы ұсынған мәліметтер мен Астана қаласы бойынша Қазақстан Респуб-

касы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармасы берген деректерге сай аталған кандидаттар барлық талаптарға сай, ешқандай заң бұзушылық әрекеттері жоқ деп танылды.

Жиналыста «Ақжол» демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалынан елордалық мәслихат депутаттығына тіркелген 13 кандидатқа қатысты куәліктер берілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы сайлау туралы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабының бірінші тармағына сәйкес, 2021 жылғы 10 қаңтарда өткен Астана қаласы мәслихат депутаттарын сайлауда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санының 7,44% жинауына байланысты «Ақжол» демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Астана қалалық филиалы тиісті аумақтық сайлау округі бойынша сайлау жарнасын өтеуден босатылды.

– Кандидаттарды тіркеуден өткізген партиялар енді декларацияларды (өзіне және зайыбына) тапсырып, мүшелік жарнаны енгізу керек. Өткен кезекті сайлауға қатысып,

қажетті дауысты жинаған Апапат, «Ақжол», «Қазақстан халық партиясы» Қазақстан Республикасы сайлау туралы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабының бірінші тармағына сәйкес, аумақтық сайлау округі бойынша сайлау жарнасын өтеуден босатылады. Қалған партиялар әр кандидат үшін 350 мың теңге шамасында жарна төлейді. Осыдан кейін тіркеу рәсімі жүргізіледі. «Республика», «Байтақ» партиялары сайлау алғаш рет қатысып отыр. Бұл екі партияда да жастар мен әйелдерге арналған 30 пайыздық квотаны толығымен сақтаған, – деді қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Бақыт Бектемісова. Сондай-ақ ол тіркеу аяқталғаннан кейін сайлаудың қажет шарттарын, тәртібін егжей-тегжейлі түсіндіру үшін кандидаттарды және оның сенімді өкілдерін жинап, үлкен семинар өткізуді жоспарлап отырғанын жеткізді әрі сайлау туралы заңда көп өзгерістер бар екенін айрықша ескертіп, кандидаттарға Қазақстан Республикасының сайлау туралы Конституциялық заңының әр тармағын мұқият оқып шығуды тапсырды.

## ТҮРКИЯҒА 114 КИІЗ ҮЙ ЖӨНЕЛТТІ

Бұл туралы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі хабарлады. Қазақстандықтар Түркияда зардап шеккен азаматтарға гуманитарлық көмек жіберуді жалғастырып жатыр.

«Еліміздің барлық өңірлерінде қажетті заттарды қабылдау және сұрыптау пункттері ұйымдастырылған. Белсенді азаматтар, волонтерлер көмек есебін жүргізеді, барлық жиналған заттарды сұрыптайды, орайды. Жиналған материалдар автокөлікпен Түркия Республикасының елшіліктері мен консулдықтарына жеткізіледі» делінген министрліктің хабарламасында.

Құзырлы ведомствоның баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сүйенсек, 13 ақпандағы жағдай бойынша өңірлерде 115 тонна гуманитарлық көмек

жиналды (Алматы қ. – 4 т., Алматы облысы – 68 т., Түркістан облысы – 25 т., Шымкент – 50 т., Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ұлытау облыстары – 3 т.), оның 75 тоннасы (Түркістан облысы және Шымкент қаласы) Түркияға жіберілді, сондай-ақ 32 млн теңге жиналып, тікелей Afad қорына аударылды.

«Бұған қоса, қазақстандықтар 114 ұлттық киіз үй жөнелтті. Игілікті іске жалпы халық жұмыла үн қосып жатыр. Мәселен, жас кәсіпкер әрі блогер Асхат Нұрлыбаев пен

Айдос Шайхислам Instagram парақшасында көмек ұйымдастыру бойынша белсенділік танытса, Жамбыл облысында волонтерлер 17 фура көмек жинап, Алматы консулдығына жіберуді жоспарлауда. Өз кезегінде Ұлттық волонтерлер желісі мен Қазақстандағы Қызыл Жарты-Ай қоғамы айтарлықтай жұмыстар ұйымдастыруда. Волонтерлер көмек көрсету бойынша жұмыстың бірінші кезеңі аяқталып қалды» делінген ресми ақпаратта. Барлық жұмыстар Қазақстандағы Түрік Республикасының елшілігімен бірлесіп жүргізілуде.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**Армения Түркиямен 35 жыл бойы жабық болған шекарасын ашты. Шешім зілзаладан жапа шеккен аймақтарға гуманитарлық көмек жеткізу үшін қабылданған.**

Армениядан Түркияға 100 тонна жүк жөнелтілді. Бұл қатарда азық-түлік, дәрі-дәрмек және басқа да керек заттар бар. Бұған қоса, осы елден апат аймағына 28 құтқарушы мен арнайы техника жіберілді. Қос мемлекет арасындағы шекара қарым-қатынастың шиеленісуіне байланысты 1988 жылы жабылған.



**Испанияның қорғаныс, медицина, ауылшаруашылық салалары жасанды интеллекттің жетістіктерін жаппай қолдануды қалыптастыруға айналып отыр.**

Трак деп аталатын испандық технология - физиотерапия сегментіне бағытталған емді жақсартты.

Испандық дәрігерлер ауруларды тез және дәл анықтау үшін рентген сияқты медициналық кескіндерді талдауда дәл осы жасанды интеллектті пайдалану қызметін арттырды.



**Түркия мен Сириядағы жер сілкінісінен кейін Қырғызстан Парламентінің депутаты арнайы көпқабатты үйлердің сапасы мәселесін көтеріп, тексеруді ұсынды.**

Депутаттардың пікірінше, көпқабатты үйлердің бір жылы жетер-жетпес мерзімде салынуы күмән тудырады. Соңғы мәліметтер бойынша, Бішкекте 3400-ге жуық көпкөпестерлі үй бар. Олардың көпшілігі Кеңес заманында салынған. Мамандардың айтуынша, соңғы жылдары салынған көпқабатты үйлердің сапасы күмәнді.

## 30-ДАН АСА ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛАДЫ

Астанада алдағы уақытта 30-дан аса «сақалды» тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталады. Елордадағы үлестік құрылыс нысандарын аралаған Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек осындай мәлімдеме жасады.

Ол жуырда төрт көпкөпестерлі тұрғын үй кешендерінің үлестерлерімен кездесті. «Үлестік құрылыс нысандарын аралау барысында төрт көпкөпестерлі тұрғын үй кешенінің үлестерлерімен кездестім. Олар: «Мирный дом», «Тұран Сығанақ», «Территория комфорта-1» (2 кезек), «Хазар». Үлестерлердің жалпы саны 1200-ден астам отбасыны құрайды. Нысандардың өткен тарихы әртүрлі. Мәселен, «Мирный дом» тұрғын үй кешені 10 жыл бұрын проблемалы деп танылған. Нысанды «Елорда құрылыс

компаниясына» тапсырар кезде құрылыс нөл деңгейінде болатын. «Территория комфорта-1» тұрғын үй кешені (2 кезек) тіптен апатты деп танылып, үйлердің блоктары бұзылды. Тиісінше құрылысы басынан қайта басталды. «Территория комфорта» тұрғын үй кешенінің бірінші кезегінің құрылысы аяқталып, үлестерлерге пәтер кілттері тапсырылды. Қазір екінші кезек бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр» деп түсіндірді Ж.Қасымбек.

Осыған дейін әкімдік

құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау бойынша жүйелі жұмыс жүргізген. «Дегенмен алдымызда тағы 30-дан аса тұрғын үй кешендерінің құрылысын аяқтау міндеті тұр. Онда мыңдаған үлестерлер отбасы өз пәтерлерін жылдар бойы күтіп жүр. Құрылыс сапасына ерекше назар аударып отырып, жұмыс қарқынды арттыруды тапсырдым. Құрылыс ұзаққа созылған нысандарды аяқтау – әкімдіктің басты міндеттерінің бірі» деді қала басшысы.



## ПРОБЛЕМАЛЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Қала басшысы Жеңіс Қасымбек Байқоңыр ауданындағы проблемалы нысандарды аралап, елді мекендердің тұрғындарымен кездесті. Тұрғындар тарапынан апатты мектептер, үйлер, жоғары кернеулі электр желілерінің астында қалған баспаналар мәселесін көтерді. Әкім әрбір мәселенің рет-ретімен оң шешілетінін жеткізді.

Мәселен, «Кирпичный» елді мекенінің тұрғындары Көксеңгір көшесіндегі апатты мектептің құрылысы қаңтарылып қалғанын айтты. «Кирпичный» елді мекенінің тұрғындары №12 мектептің (Көксеңгір көшесі) проблемасын көтерді. Бұл мектеп осыған дейін апатты деп танылып әрі пайдалануға жарамсыз болғаны үшін бұзылған. Бірақ жаңа ғимараттың құрылысы тоқтап қалды деуге болады. Ал жосықсыз мердігермен келісімшарт бұзылды. Білім ошағының құрылысын биыл аяқтауды тапсырдым» деді Жеңіс Қасымбек.

Ал Чехоев көшесінің тұрғындары барак типіндегі үйлерде кәріз жүйесінің жұмыс істемейтінін жеткізді. «Чехоев көшесіндегі 3,1 үйлер апатты деп танылған. Тұрғындар барак типіндегі үйлерде кәріз жүйесінің жұмыс істемейтінін алға тартты. Бұл үйлердің бір бөлігін 2024 жылы бұзылатын нысандар тізіміне енгіземіз. Сондай-ақ өзге де апатты үйлер бойынша тізімді жаңартамыз»



деп түсіндірді қала басшысы.

Жеңіс Қасымбек Байқоңыр ауданының тағы бір түйіктілі проблемасы – жоғары кернеулі электр қуаты желілерінің астында орналасқан үйлерді бұзу екендігін айтты. «Бұл – Биші қайың (Күлтөгі), Асан қайғы, Сырдария, Лермонтов көшелерінде орналасқан үйлер. Өткен жылы осы үйлердің бір бөлігі сатып алынған болатын. Биыл да жүйелі түрде учаскелерді

сатып алу, үйлерді бұзу жұмысын жалғастырамыз. Осылайша, тұрғындар ұзақ жылдардан кейін өзге орындарға көшіп, денсаулығына алаңдамайтын болады. Жеке сектордың орнына әлеуметтік нысандар, тұрғын үй кешендері, қоғамдық кеңістіктер салынады. Асан Қайғы көшесінің бойымен инженерлік желілермен (Уәлиханов көшесімен қатар) жол салу жоспарланып отыр» деді әкім.



№18 (4451) 14/02/2023 Сейсенбі

**М**едиа саласындағы қоғамдық бірлестік жетекшілері арасынан алғаш рет Парламенттің жоғарғы палатасына депутат болған әріптесімізді жаңа қызметімен құттықтап, аз-кем сұхбаттасқан едік. Ашық сұхбатымызда Мемлекет басшысының реформалары, елорданың бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері, «Масс-медиа туралы» заң жобасындағы түйткілдер, «Бас редакторлар клубы» тәуелсіз қоғамдық ұйымының мақсат-мұраттары кеңінен қамтылды.

#### ӨНІРЛЕРДІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙТЫН ОРҒАНҒА АЙНАЛАДЫ

– Бибігүл Нұрғалиқызы, өткен жазда Президенттің ұйғарымымен Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары болып тағайындалдыңыз. Ал быыл 14 қаңтарда сайлаушылардың аманаты мен сенімін арқалап, Астана қаласынан сенатор болып сайландыңыз. Жаңа қызметіңізге табыс, сәттілік тілейміз! Бұл мәртебелі қызметіңіз Сізге қандай жауапкершілік жүктеді?

– Шынын айтсам, еліміздегі медиа саласындағы қоғамдық бірлестіктер тарапынан жоғары сайланбалы лауазымға қол жеткізім, біріншіден, әріптестерімнің қолдауы, екіншіден, БАҚ-тарға деген қоғамның қолдауы деп білемін. Жасыратыны жоқ, бұрын сайлауға көбіне-көп жергілікті билік өкілдері, мәслихат депутаттары, әкімдіктері түсіп жатағын. Ал бүгінгі қоғамдық бірлестік өкілдеріне деген қолдау – бұл еліміздегі азаматтық қоғамның бір көрсеткіші деп санаймын. Азаматтық қоғамның белсенді ретінде заң шығару органына барғанда менің алдыма үлкен бір миссия тұр. Ол – қоғамымызды, елімізді дамыту бағытындағы жеке-леген азаматтардың, қоғам белсенділерінің үнін жоғары билікке естілуіне барынша мүмкіндік жасау. Өйткені қоғамдық бірлестіктердің өкілдері ешбір жерден жалақы алмада, мемлекеттік ұйымдарда тіркелмесе де ең өткір, түйткілді мәселелерді көтеріп, биліктің алдына қойып, оң шешімін шығаруға атсалысып жүр. Олар көтерген мәселе неғұрлым көп шешілсе, елдегі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілуіне жол ашылады.

2022 жылғы референдумның нәтижесі, еліміздегі саяси үлкен өзгерістердің бастамасы осы Сенат сайлауынан-ақ көрінді деп ойлаймын. Барлық өңірлерден 2 депутаттан сайланды. Маған берілген депутат мандаты – үлкен жауапкершілік! Өз дауыстары мен сенімін білдірген Астана қаласы мәслихатының VII сайланым депутаттарына алғысымды білдіремін. Халықтың үміті мен сенімін ақтап, еліміздің өркендеуіне, қазақстандықтардың әл-ауқатының артуына, қоғамда оң өзгерістер жасалуына бар білім, тәжірибемді жұмсауға тырысамын. Отыз жылға жуық журналистік қызметімде еліміздің жағдайымен етене таныстым десем артық айтқандық болмас. Оның үстіне, бас қаламыз – Астанада тұрып жатқаным 20 жыл болды.

Сенаттың жұмысында үлкен өзгерістер болып жатқанынан да хабардарсыздар. Өңірлермен, жергілікті мәслихаттармен жұмыс барынша жаңа-жақты, терең, белсенді жүргізіледі. Яғни, халық пен Сенаттың арасындағы байланыс тереңдейді деген сөз. Сенаторлар бұқараның мәселелерін терең

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ:

## МИССИЯМ – АЗАМАТТАРДЫҢ ҮНІН БИЛІККЕ ЖЕТКІЗУ



Қаңтардағы Сенат сайлауында Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары, белгілі журналист, білікті медиаменеджер, «Бас редакторлар клубы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті Бибігүл Жексенбай Астана қаласынан Сенатқа депутат болып сайланғаны мәлім. 30 жылға жуық журналистік қызметінде елдің, елорданың жағдайын бір адамдай білетін қазақтың мемлекетшіл қайраткер қызының барлық дауыстың 62,1 пайызына ие болуы – заңдылық. Осылайша, жаңа Қазақстанның саяси сахнасына ұлттық медианың өз өкілі, кәсіби қоғамдық ұйымның жетекшісі, азат ойлы, мемлекетшіл қайраткер шықты! Бұл – қазақ медиасы үшін үлкен құрмет, керемет мүмкіндік, дамудың бір белесі деп қабылдадық.

#### СУДЫ ҮНЕМДЕУ МӘДЕНИЕТІНЕ КӨШУІМІЗ КЕРЕК

– Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қала тез үлкейіп келе жатқандығын, 300 гигакалория-ден астам жылу энергиясы тапшылығынан зардап шегіп отырғанын мысалға келтірді. Сіздің ойыңызша, жылу мәселесі қалай тиімді, оң шешілуі керек?

– Елорда тұрғындарының ұзақ мерзімді перспективада тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін инженерлік желілерге қатысты да бірқатар мәселе шешілуге тиіс. Оның ішінде жылу, электр қуаты және нөсерлі канализация мәселелері. Жылумен жабдықтау кәсіпорындары азаматтардың кең ауқымын қамтитын негізгі қызмет көрсету саласы саналады. Сондықтан оның жағдайы қоғамның әл-ауқатын, әлеуметтік тұрақтылықты және жалпы ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Жылумен жабдықтау нарығын дамытудың бірқатар артықшылықтары бар, бірақ ол әлі де өте төмен деңгейде деп ойлаймын. Отандық жылумен қамтамасыз ету қалай ұйымдастырылатыны, бұл сала жиі кездесетін негізгі проблемалар, тарифтерді белгілеудің жаңа әдістері не үшін қажет екені әлі де толық зерттеу мен зерделеуді қажет етеді. Жылумен жабдықтау секторын цифрландыру және автоматтандыру деңгейін арттыру принципті де маңызды, басымдықты инвестицияларды анықтау үшін бізге жылумен жабдықтау инфрақұрылымының жай-күйі, ысырап деңгейі, тұтынатын жылу энергиясының саны мен сапасы туралы объективті деректер қажет. Елордадағы жылу желілері кешенінің тұрақты әрі сапалы жұмысына халықтың сенімділігін арттыру және осы нысандардың иелері мен тұтынушылардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, қаланы жылумен жабдықтау нарығын тиімді қалыптастыру қажет. Жылу энергиясына тарифтерді белгілеу кезінде жылу мен электр энергиясы компаниялары және тұтынушылар топтары

арасындағы тарифтердегі негізсіз айырмашылықтардан, тиімсіз тарифтік тәсілдерден бірте-бірте бас тарту қажет.

– Елорда халқының саны жылда өсіп келеді. Бұл жерде ең күрделі, алаңдатарлық мәселенің бірі – ауызсу. Мегаполисті алдағы уақытта ауызсумен қамтамасыз етуде үлкен проблемалар туындамай ма?

– Су қаланың ғана емес, ел дамуының да негізгі факторларының бірі саналады. Болжамдарға сәйкес, 2030 жылға қарай елордада ауызсуды тұтыну жылына 153 миллион текше метрге дейін артады. 2030 жылға қарай тұрғын үй 37,2 млн шаршы метр болады деп күтілуде (өсім 16,5 млн шаршы метрге артады). 2030 жылы қоғамдық тұрғын-үй құрылысының ауданы 25 млн шаршы метрге дейін өседі деген болжам бар. Астанада демографиялық өсімінің қарқымын арттыру, ішкі көші-қон салдарынан тұрғындар санының көбеюі, жаңа тұрғын үй кешендері мен шағын өндірістердің іске қосылуы су ресурстарының жылдан жылға азаюына өз ықпалын тигізуде. Сондықтан жаңа сорғы, сүзгі стансаларын салу міндеті кезек күттірмейді. Әлемдік соңғы технологиялар мүмкіндігі негізінде, суды үнемдеу, тіпті пайдаланған суды қалғандыру бағытында екінші мәрте пайдалану тәсілдерін елордамызда қолдануға енгізу – жақын болашақтағы басты мақсаттардың бірі. Сондай-ақ астаналықтарға су ресурстарын үнемдеу мен суды тиімді пайдалану мәдениетін қалыптастыру міндеті тұр.

#### АСТАНА ВЕНЗИННЕН БАС ТАРТҚАН АЛҒАШҚЫ ҚАЛА БОЛАДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше назар аударған күрделі мәселенің бірі – көшелердегі көлік кептелісі. Президент бұл мәселе қала тұрғындарының ашу-ызаасын туғызып отырғанын ашық айтты. Сіздің ойыңызша, халық саны өте жылдам өсіп келе жатқан алып мегаполисте жол-көлік мәселесі қалай шешілуі керек?

– Тұрмыстық деңгейдегі қалалық көлік инфрақұрылымының мәселесі өте қарапайым сипатталған: қалаларда көлік-

шектеулі. Нарық қатысушылары бұл тәсіл тұрғын үй «алаңдары» бағасының жаңа секіруіне әкеледі деген болжам бар. Сондықтан «Агломерация туралы» заңға сәйкес, өңірлік деңгейде агломерацияның нақты мәселелерін шешу үшін қаланың және оған жақын орналасқан облыстың жергілікті атқарушы органдарының өзара іс-қимылының алаңдары ретінде жергілікті агломерация кеңестері құрылады. Елорда әкімдігі қала маңындағы елді мекендердің сәулет-құрылыс саясатын әзірлеуге қатысып, Астананың тиімді дамуына мүмкіндік ашады деген сенім бар. Астана қаласының азық-түлік белдеуін жасақтауға, елордалықтар мен қала қонақтарының қала сыртында демалатын жаппай спортпен айналысатын аумақтар, серуен, мәдени демалыс орындарын ашу да ескерілуі керек.

– Биыл клуб мүшелері де, қоғам да қызу талқылаған мәселенің бірі – БАҚ туралы заңның жаңа жобасы. Жуырда бір топ әріптесіміз заң жобасындағы кейбір нормаларға қарсылық білдіріп, Президентке ашық хат жазды. Осы жобада біз айтқан мәселелер түгелдей қамтылды ма, мұны құзырлы министрлік ескерді ме?

– Иә, масс-медиа туралы заң жобасының қызу талқыланып жатқанына 1 жылдан асты. Оның себебі де түсінікті. Бұл болашақта журналистердің жұмысын жеңілдететін, құқығын қорғайтын заң болуы керек. Әріптестерімді осыны күтіп отыр. Заң жобасының бағыт-бағдарымен танысып, бірнеше жұмыс тобына қатысты. Журналистің мәртебесі деген мәселе бірнеше жылдан бері айтылып жүр. Мәртебе деген бір ғана сөз, ал оның ар жағында нақты қандай кепілдіктер, мүмкіндіктер болатыны маңызды. Мысалы, «пресс-карта» деген жаңалық енгізілген. Мұны жақтаушылар да, қарсылар да көп. Өйткені тілшілердің құқықтарын шектеу, арасына жік салатындай жағдайлар орын алуы мүмкін деген де ойлар айтылып жатыр. Есіңізде болса, Бас редакторлар клубының отырысында осы заң жобасын талқылағанда «пресс-картаны» енгізуді Түркияның тәжірибесін мысалға алып, клубтың вице-президенті Доған Ыбылдыз ұсыныс етіп айтты. Негізгі мақсаты – журналистердің театр, музей сияқты халық көп баратын мәдени орындарға еркін кіріп-шығуына, ақпарат алуына қолайлы жағдай жасау. Осы «пресс-карта» журналистердің баспана алу мәселесінің оң шешілуіне де септігін тигізетіні қарастырылған. Яғни, оған ие болған журналист «Отбасы банк» арқылы жеңілдікпен, төмен пайыздық мөлшерлемеленіп ипотекалық несиесіне пәтер алуына мүмкіндік туады. Бұл карта кез келген журналиске берілмейді. Кем дегенде 3 жыл кәсібі бойынша еңбек етуі тиіс. Қазір ай немесе жыл сайын жастар жұмысын жиі ауыстырады. Демек, бұл әріптестеріміздің кәсіби, сапалы тұрғыдан бір жерде жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін жақсы жол деп санаймын. Сондай-ақ «пресс-карта» журналистерге кез келген жерге барғанда автокөлігін қоюына, қоғамдық көлікте еркін жүріп-тұруына рұқсат беруі керек. Әрине, осы картаны кім береді деген мәселе тағы бар. Ол барлық БАҚ-тың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері енген, осы саланың беделді, абыройлы мамандарынан құрылған арнайы комиссия болуы тиіс.

Сұхбаттасқан  
Төлән ТІЛЕУБАЙ









## ӘР КҮЙІ – БІР ТАРИХ

Биыл – күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына 200 жыл. 71 жыл ғұмырында алпысқа жуық күй шығарған қазақтың талантты күйші-композиторының қос ғасырлық мерейтойына орай Астана қаласы Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының қазақ оркестрі «Күй атасы – Құрманғазы» атты концерт ұйымдастырды.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Күйшінің ел, жер тағдыры туралы толғанысқа толы күйлерін қазақ оркестрі және жеке күйшілер жоғары деңгейде орындап, тыңдарманның ерекше ықыласына бөленді. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – күйші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, профессор Айтқали Жайымов және аталған оркестр дирижері, күйші, композитор, ҚР Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекеновтің жетекшілігімен өткен концертте Құрманғазының санамызда жатталып қалған тарихи 20 күйі орындалды. Көрермендер де залды толтыра, көп жиналды. Концертте сөз алған қоғам және мемлекет қайраткері, белгілі қаламгер Дархан Мыңбай елордалық филармония оркестрінің өнерін жоғары бағалады.

– Рухани байлығымызды әуелі өзіміз танып, білуге міндеттіміз. Сондықтан төл өнерімізге, бүгінгі күйшілерімізге тәуелсіз еліміздің тұрғысынан ерекше



қамқорлық танытып, жүйелі насихаттау, кешенді жұмыс жүргізу уақыт талабы деп білеміз. Иә, күйшілердің өмірі, әр күйдің шығу тарихы туралы небір мықты көркем шығармалар жазылған. Алайда ол жөнінде ықшамдалған, жұртқа қызықты мәліметтер концерттерде көп айтыла бермейді. Осыған орай, еліміздегі өнер бағытындағы жоғары оқу орындары заман сұранысына лайықты конференцияларды қолға алса

деген ұсыныс айтқымыз келеді. Мұндай арнайы мамандар бірегей ұлттық өнерімізді, соның ішінде күйді шетелде, әр түрлі тілде насихаттауға да үлес қосар еді. Өйткені заңғар жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, «Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы – қазақтың күйі». Олай болса інжу-маржанымызды түгендеп

қана қоймай, барымызбен орында мақтана білейік! – деді ол.

Концерт Құрманғазының жастау кезінде шығарған «Балбырауын» күйімен басталды. Каспийдің арнасынан асып, тасуына орай шығарған «Көбік шашқан», Орынбор губернаторы В.Перовскийге арнаған «Перовский маршы», түрмеде бірге болған қалмақ батырына арнаған «Саранжап», Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліске орай шығарған «Кішкентай», күйші қызға арналған «Айда бұлбұл Айжан-ай», Орынбор түрмесіне апара жатқан кездегі көңіл күйі суреттелетін «Арба соққан» және басқа да тарихи мәні зор «Пәбескі», «Кісен ашқан», «Алатау», «Бұлбұл», «Көгала ат», «Сарыарқа», «Адай», «Қайран шешем», «Терісқақпай», «Ақбай», «Серпер», «Кедей зары» деген танымал күйлері орындалды.

Дирижер Нұрлан Бекеновтің айтуынша, бұл концерттің бір ерекшелігі – Құрманғазының 2 күйінің оркестрде алғаш рет орындалуы.

– Жалпы атамның күйлерінің ішіндегі бір ғана күй теріс бұрауда, қалған күйінің бәрі оң бұрауда орындалады. Сол теріс бұрауда тартылатын «Кедей зары» деген күйін бүгін алғаш рет оркестрмен орындадық. Оны оркестрге түсірген – «Құрмет» орденінің иегері, қылқобызшы Жанар Жүсіпова. Екінші күй – «Перовский маршы». Бұл күйдің екі түрі бар, біреуін А.Жұбанов түсірді, екіншісін мен түсірдім. Міне, осы күйді де қазақ оркестрі тарихта алғаш рет бүгін орындады. Ал қатты қуантқаны – күй концертіне елдің көп жиналуы. Бұл бізде ұлттық рухтың өшпегенін, күйге деген халықтың көңілі зор екенін көрсетті. Күй бар жерде қазақ та өлмейді. Арзан ән тыңдасаң, адамды аздырады. Сол себепті терең дүниеге үңіле отырып, кемелдікке ұмтылуымыз керек, – деді ол.

Филармонияның қазақ оркестрі жыл бойына осы концертті еліміздің әр өңіріне және Құрманғазының жерленген жері – Астраханға барып өткізуді жоспарлап отыр. Биыл мамыр айының аяғында күйшінің 200 жылдығына орай Атырауда үлкен іс-шара өтеді. Соған «Күй атасы – Құрманғазы» бағдарламасымен қазақ оркестрі де шақырылған.

## СПОРТ

### ЕЛОРДАЛЫҚ КОНЬКИШИ – КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

Германияда өткен конькимен жүгіруден жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында астаналық Алина Дауранова күміс жүлдегер атанды.



Алина Дауранова 1000 метр қашықтықты 1:17.76 уақытта бағындырып, мәре сызығын екінші болып кесті. Осыған дейін астаналық спортшы 500 метр қашықтыққа жүгіруден қола медаль еншілеген болатын.

Сондай-ақ Қазақстан спортшылары Германия, Испания, Италия, Канада, Оңтүстік Корея, Латвия, Нидерланды, Норвегия, Польша, АҚШ спортшыла-

ры қатысқан командалық спринт жарысында күміс жүлдеге қол жеткізді. Құрама сапында Алена Лифатова, Арина Ильющенко, Алина Дауранова және Кристина Шумеева өнер көрсетті.

Осылайша, Инцелль қаласында өткен конькимен жүгіру спортынан әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы үш жүлдеге қол жеткізді, оның екеуін астаналық спортшы жеңіп алды.

Дайындаған **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

## АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНАН – 6 АЛТЫН

Астанада өткен X Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте екінші орыннан көрінді.



Жеңіл атлетикадан жабық кешендегі құрлық біріншілігі елімізде тұңғыш рет өтті. Байрақты бәсекеде жалпыкомандалық бірінші орынды Жапония спортшылары иеленсе, Қазақстан құрамасы екінші, ал Қатар спортшылары үздік үштікті түйіндеді. Астанада жабық кешенде жеңіл атлетикадан Азия чемпионаты аяқталды.

Қазақстан құрамасы спортшылары 6 алтын, 3 күміс және 3 қола медаль жеңіп алды. Атап айтсақ, 4x400 метрлік эстафетада Қазақстанның ерлер

және әйелдер командалары жеңімпаз атанды. Ал әйелдер арасындағы жекеley жарыста Элина Михина чемпион атанды. Кедегілермен жүгіруде Давид Ефремов топ жарса, Каролин Кипкируи 3000 метрге жүгіруде алдына жан салады.

Астанада өткен Азия чемпионатының ұйымдастырылу деңгейін Дүниежүзілік және Азиялық жеңіл атлетика федерациялары жоғары бағалады. Келесі құрлық біріншілігі Иран астанасы – Тегеранда өтеді.

## БАТЫС ПЕН ШЫҒЫСТЫ ҮНДЕСТІРДІ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония және Ф.Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті «Батыс-Шығыс: музыкалық параллельдер» кешін ұсынды. Концерт «Астана Опера» театрының К.Байсейітова атындағы камералық залында өтті.



Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Кеш бағдарламасы Йозеф Гайдн, Феликс Мендельсон, Арман Жайым өндеген Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» шығармасынан тұрды. Йозеф Гайдн ішекті квартетке арналған 80-нен астам шығарма жазып, осы жанрдың негізін қалады, бүкіл шығармашылық жолын осы жанрға арнады.

Квартет жанры Феликс Мендельсонды да қызықтырып, 12 жасында ол квартетке фугалар жазды. Жиырма жасында №1

ішекті квартетті туындатты. Ал «Қыз Жібек» фильмінде аспандағы аққуды «Аққу» күйімен көлге қондырып, ойнақ салдырған Нұрғиса Тілендиевтің бұл шығармасы музыканың құдіретін паш етеді.

Ф.Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартетінің көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ернар Мыңтаев (виолончель). Ұжым құрамында Айдар Тоқталиев (бірінші скрипка), Алексей Лебедев (екінші скрипка) және Бекзат Сайлаубайұлы (альт) бар.